

2025 жылғы халықаралық іс-шаралар

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық арнайы кітапхана бірқатар Ресейлік кітапханалармен бірлесіп іс-шаралар өткізді:

1. Ұлы ойшыл және ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Абай даналығы – Халық мұрасы» - «Халықаралық Абай оқулары» халықаралық онлайн байқауы.

Іс-шараға Хабаровск, Краснодар өлкесіндегі арнайы кітапханалардың және Қазақстан Республикасының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасының оқырмандары қатысты.

2. «Со-Единение» қоғамдық қорымен жасалған халықаралық меморандум және Халықаралық саңыраулардың күні аясында Қазақстан Республикасының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы алғаш рет саңырау-соқыр ақындардың шығармаларын Брайль қарпімен ұсынды – орыс ақыны Владимир Коркуновтың «Потерянный и обретенный свет» кітабының тұсаукесері (Мәскеу).

Владимир Коркунов - ақын, сыншы, филология ғылымдарының кандидаты, РОЕТИСА журналының редакторы және Ресейдегі саңырау-соқырларға арналған жалғыз журнал «Сіздің әңгімелесушіңіз» бас редакторының орынбасары.

Іс-шара Ресейдің «Со-Единение» қоғамдық қорымен (RBNSG, Алматы) жасалған меморандум аясында өтті.

Кітапхана директоры А. Байұзақов пен директордың кеңесшісі Л. Кибашева бірлескен іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін және мүгедектердің шығармашылығын насихаттағаны үшін «Со-Единение» қорының алғыс хаттарымен марапатталды.

3. Француз тифлопедагогы Валентин Гаюйдің туғанына 280 жыл толуына арналған «Жүрегімен және жанымен көру» халықаралық телекөпірі.

Іс-шараға Краснодар өлкесінің арнайы кітапханалары мен Ресей Федерациясы аймақтық кітапханасының және ЗНКААРК оқырмандары қатысты.

Кітапхана ҰОС Жеңістің 80 жылдығына арналған Ресейдің арнайы кітапханалары өткізген бірқатар іс-шараларға қатысты:

- «Поющий яркий май» бейнекөпірі (Хабаровск);
- «Поэтическая летопись победы» (Хабаровск);
- «Победа без границ» телекөпірі (Краснодар);
- «Алматы-Новосібір» халықаралық телекөпірі.

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық арнайы кітапхана халықаралық семинарларға, вебинарларға, онлайн конференцияларға белсенді қатысты

1. Кітапхана директоры А. Байұзақов «Брайльдің мерейтойлық жылын қорытындылау» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға онлайн қатысып, «Зағиптардың жеке дамуы, әлеуметтенуінде, білімінде және кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруында Брайль сауаттылығының маңызы» атты баяндама жасады (Мәскеу, Ресей).
2. Кітапхана директоры А. Байұзақов «Мәдениет пен білім берудегі инклюзивті дамудың заманауи векторлары» атты аймақаралық ғылыми-практикалық конференцияға онлайн қатысып, «Қолжетімді ортаны дамыту үшін ведомствоаралық ынтымақтастық және әлеуметтік серіктестік» атты баяндама жасады (Хабаровск, Ресей).
3. Директордың кеңесшісі Л. Кибашева «Арнайы кітапхана – оқу, шығармашылық және коммуникация аумағы» атты Библиокпрірге онлайн қатысып, «Зағип және көру қабілеті нашар азаматтарға арналған арнайы кітапханадағы егде жастағы оқырмандарға арналған клубтық қауымдастықтар» атты баяндама жасады (А.П. Чехов атындағы Краснодар облыстық зағиптарға арналған арнайы кітапханасы, Ресей).
4. Кітапхана директоры А. Байұзақов Ресейдің зағиптарға арналған мемлекеттік кітапханасының құрылғанына 105 жыл толуына арналған «Қолжетімді оқу: 100+» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына онлайн қатысып, «Кітапхана инклюзивті ақпараттық ортадағы қолжетімді оқу орталығы ретінде» атты бейнебаяндамасын ұсынды (Мәскеу, Ресей).
5. Е. Полянный кітап сақтау және жазылым бөлімінің кітапханашысы «Заманауи зағиптарға арналған арнайы кітапхана: өзекті мәселелері, табысты тәжірибелері, даму перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға онлайн қатысып, «Зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана қызметіндегі инклюзивті бағыттар: мақсаттары мен іске асыру әдістері» атты бейнебаяндамасын ұсынды (Краснодар, Ресей).
6. ЗНКААРК «Бейімделгіш кросс-кәсіби ортадағы заманауи кітапхана» атты XV-ші халықаралық көмекші қызметтер мектебіне онлайн қатысты (Новосибирск).

Директордың кеңесшісі Л.Кибашева «Әртүрлі мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік және кәсіби өмірге қосуды жеңілдететін қазіргі ресурстар мен қызметтер» тақырыбында баяндама жасады.
- Кітапхана директоры А.Байұзақов пен директордың кеңесшісі Л.Кибашева іс-шараға белсенді қатысқаны үшін алғыс хаттармен марапатталды.
7. Кітапхана директоры А. Байұзақов IFLA-ның 89-шы Дүниежүзілік кітапхана және ақпарат конгресіне қатысып, «Ақпараттық кеңістіктегі арнайы кітапханалардың рөлі мен орны» атты баяндама жасады (Астана).
8. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық арнайы кітапханада В.Коркуновтың Брайль қарпімен басылған «Потерянный и

обретённый свет» кітабының тұсаукесері өтті (саңырау-соқыр азаматтардың монологтары).

Владимир Коркунов - ақын, сыншы, филология ғылымдарының кандидаты, РОЕТИСА журналының редакторы және Ресейдегі саңырау-соқырларға арналған жалғыз журнал «Сіздің әңгімелесушіңіз» бас редакторының орынбасары.

Іс-шара Ресейдің «Со-Единение» қоғамдық қорымен (RBNSG, Алматы) жасалған меморандум аясында өтті.

Кітапхана директоры А. Байұзақов пен директордың кеңесшісі Л. Кибашева бірлескен іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін және мүгедектердің шығармашылығын насихаттағаны үшін «Со-Единение» қорының алғыс хаттарымен марапатталды.

9. Кітапхана директоры А. Байұзақов «Кәсіптік және техникалық білім: қазіргі жағдайы және қиындықтары» халықаралық форумына қатысып, белсенді қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды. (PRINTMEDIA TECHNOLOGY колледжі, Алматы).

Іс-шараға Ресей, Шри-Ланка, Қытай, Канада және Германиядан келген мамандар қатысты.

10. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық арнайы кітапхана «Ұлы Жібек жолы бойымен» атты 13-ші Халықаралық Қазақстан кітап және баспа жәрмеңкесіне қатысты. Кітапхана көрмеге қатысқаны үшін диплом алды. (Алматы).